



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Көркем туынды





Көркем туынды

1. Шығармашылық – әлеуметтік өнердің нысаны ретінде
2. Көркем мәтін
3. Көркемдік шындық және көркемдік концепция
4. Көркемдік шындық және сенім

Құрметті тыңдаушылар, өткен дәрісіміздің логикалық жалғасы ретінде, яғни көркем шығармашылық пен көркем бейне мәселелерін қатастыра келе, бүгін көркем туынды тақырыбын талдаймыз. Көркем туынды – өнердің болмыс ету түрі, яғни өзін-өзі осы нақты әлемде көрсетіп, танытуы. Көркем туынды көркем бейнелер жүйесінен тұрады. Көркем туынды немесе шығармадан туындайтын көркем бейнелер бір мағынасы, мәңгі-бақи бір маңызды, бір мазмұнды дүниелер емес. Олар шынайы, көркем бейнелер болған жағдайда, әрбір жаңа мәдениетте өзінің жаңа дидарын табады.

Көркем өнердің біртуар шығармалары өзінің өміршеңдігін адамзат тарихымен қатар дами отыра танытады. Бұл әлемдегі заттардың бәрі өзінің мәніне, мағынасына баға-құнына тікелей адаммен байланысында ғана ие болады. Бұл дүниеде мүмкіндігі бар бүкіл болмыс және барлық мән-мағына осы дүниедегі ең басты құндылық әрі жалпы құндылықтар тудырушы – адамның маңайында орналасқан.

Эстетикалық әрекеттің түптамыры өнермен байланысты болғандықтан көркем шығармашылықтың мәні де адам әлемін тұспалдата, белгілі бір көркем бейнелер арқылы жеткізуінде жатыр. Көркем туындылар дүниеге деген белгілі бір көзқарастың, ұжымдық ой-пікірдің, азды-көпті ақпараттың рәмізі болып табылады. Ол – болашақтағы ұрпақтарға үндеу, белгелі бір мәдени-әлеуметтік құрылымның бейнеленуі.

Көркем туындылар көркем бейнелер арқылы қоғамның қойнауында сырт көзге білінбестей өтіп жатқан өзгерістерге, шиеленістерге сезімталдық танытып, көрнекілейді. Соның нәтижесінде көркем шығармалар әлгі күрделі жағдайлардың ушықпай, ішінара бәсендеуіне жәрдемдесетін сауықтыру шарасына да айналады.

Шынайы туындылардың көркем бейнелері тек өз уақытында, яғни өзін қоршаған мәдени-әлеуметтік шындықта ғана өзектілігін танытпайды, ол өзінен кейінгі келер кезеңдердің бәрінде де өміршең болады. Осы тұста орыс мәдениеттанушысы Михаил Бахтиннің «үлкен уақытта» терминін келтіре кеткен дұрыс сияқты. Шынайы көркем бейнелер «үлкен уақыт» өзінің алғашқы мән-мағынасының негізін өзгертпей барып өзгеріске ұшырайды. «Үлкен уақытта» көркем бейнелер өз бастауынан ағып шығып, өз арнасын жоғалтпай, бірақ өзен іспеттес жаңа жерлерден, жаңа елдерден табылады. Ұлы көркем бейнелер көп түрлі құбылыс, өйткені онда мәндік-мағыналық терең тұңғыық жатыр. Классикалық бейнелерден әр заман өзінің жаңа қыр-сырын тауып, жаңа түсінуі көрсетеді. Мысалы, XIX ғасыр Гамлеттің көркем бейнесінен зиялылықты, өзін ой-сана таразысынан өткізген парасатты жанды көрсе, XX ғасыр оны сол заман рухына сай күрескер, жалынды жан деп таниды.

Өнердің нағыз көркем шығармалары ғана адамды эстетикалық жағынан тәрбиелеп, оның әсемдікке деген сүйіспеншілігін және жамандыққа деген жиіркеніш сезімін оятады.

Көркем туындының өз құрылымы бар. Басқаша айтқанда, оның күрделі ішкі құрамы бар. Туындының жеке бөлшектері бір-бірімен өте тығыз байланысқан, оны әсірелеп тірі ағзаға теңеуге болады. Шығарма құрылымы күрделілігімен ғана емес, тәртіпке негізделгендігімен сипатталады. Көркем туынды – күрделі ұйымдасқан тұтастық. Қазіргі заманғы әдебиеттануда туындының құрылымын айқындауда екі негізгі үрдіс бар. Біріншісі бойынша, туындыда қабаттар, деңгейлер бар, екінші зерттеулерге сүйенсек, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлерді бөліп көрсетуге болады дейді. Алайда, бұл бөлініс шартты түрде. Мәселен, Михаил Бахтин үшін «фабула» және «сюжет» деген екі деңгей бар, бейнеленген әлем және бейненің өзінің әлемі, автордың шындығы мен кейіпкердің шынайылығы.

Автор жасаған көркем туынды оқырмандармен қабылданып, демек белгілі бір қызметтер атқара отырып, салыстырмалы түрдегі өзінің жеке өмірін сүруді бастайды. Көркем туындының атқаратын бірнеше маңызды қызметін қарастырып өтейік.

Қалай болса да өмірді түсіндіру арқылы көркем туынды танымдық немесе гносеологиялық қызмет атқарады. Ғылым барда, өнер не үшін бұл қызметті атқаруы тиіс деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Өнер өзіне ғана тән ерекшеліктерге байланысты өмірді таниды және оны басқамен алмастыру мүмкін емес. Егер ғылым тану үшін әлемді бөлшектерге бөлетін болса, өнер әлемді оның тұтастығында, бөлінбеген түрінде таниды. Сондықтан да, адамтануға қатысты таным бъектілері өнер мен ғылымда сәйкес келіп қалғанымен, олар ешқашан да бірігіп кете алмайды. Адам өмірін қарастырудағы өнеге тән ерекшелік, әр түрлі өмірлік



құбылыстарды біртұтас әлем бейнесі ретінде қарастыру.

Көркем шығарманың екінші маңызды қызметі – бағалаушылық немесе аксиологиялық.

Танымдық және бағалаушылық қызметтердің негізінде көркем шығарма үшінші маңызды қызмет – тәрбиелеу қызметін атқаруға қабілетті болады. Өнер туындыларының тәрбиелік мәні антикалық дәуірден бастап-ақ қабылданған.

Көркем шығарманың қызметтер жүйесінде ерекше орын алатын эстетикалық қызмет болып табылады. Себебі кез-келген туынды әрбір адамға орасан зор эмоционалдық әсер етеді, интеллектуалдық, тіпті сезімдік рахатқа бөлейді, бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғамен толықтай қабылданады.

Бұл қызметтің ерекше болуы, егер де аталмыш қызмет болмаса басқа қызметтердің жүзеге асуы мүмкін емес. Яғни, егер туынды адамға әсер етпесе, жай ғана, ұнамаса, ешқандай қызығушылық тудырмаса – еңбектің еш кеткені.

Және де туындының тағы да бір қызметі бар, ол өзін-өзі көрсету. Көп жағдайда бұл қызметті тек авторға қатысты болғандықтан маңыздылардың қатарына жатқызбайды, дегенмен де, шеберлікпен берілген автордың идеясы ғана жүрекке жол тартатынын ұмытпаған жөн.

Борев өзінің оқулығында әдебиет туындыларына жіті көңіл бөліп, жан-жақты баяндауға тырысады. Осы ретте мәтіннің негізгі үш түрін талдайды:

Біріншісі, ғылыми еңбек, баяндама, хабарлама, дәріс сынды ғылыми мәтін – ол ғылыми терминдердің бір мәнді болуына және айқындылығына байланысты түсіндіруді талап етпейді;

Екіншісі, хат, құжат, сұхбат сияқты тәжірибеде қолданылатын іскерлік мәтін оларды түсіндіру коммуникативтік жағдайға байланысты жүзеге асады;

Және же үшіншісі, көркем мәтінді түсіндіру шынайылықпен ұқсастығын ашу және мәдени дәстүр аясында түсінуге байланысты қарастырылады. Көркем мәтінді әр түрлі түсінуге болады. Алайда оның көпжақтылығының да шегі бар. Көркем мәтінге мыналар тән: 1. аяқталғандық, сыртқы араласудың мүмкін еместігі 2. Тарихи және мәдени жағдайдың өзгеруіне байланысты мағыналық өзгеріске ұшырауы 3. Көркемдік қарым-қатынастың арнайы ортасы ретіндегі хабар алмасу арнасының қалыптасуы 4. Мәтіндегі зат, бұл мәтіннен тыс болмауы мүмкін.

Белгі – көркем мәтіннің ең кіші бөлшегі. Белгі танылуы керек, ал айтылғанның барлығы түсінікті болуы қажет. Айтылғанды жеткізу жүйесі көркем концепциясы бар, түсіндіру мен бағалауға жататын көркем мәтінді құрайды. Көркем мәтін көркем бейнелерден жасалады, ал бейнені белгі құрайды.

Көркем шығарма желісінің тартымды болуы көркемдік шындық пен көркемдік концепцияға байланысты. Көркем шындық бүкіл әлемді оның тұтастығында көрсетеді. Тұтастық – көркем әлемге тән қасиеті.

Туынды – көркем бейнелерден құралатын көркем әлем. Бұл әлем барлық жағынан шынайыға ұқсас келеді. Адамдардың өмірі де, сезімі де дәл шынайы өмірдегідей алмасып, өзгеріп отырады. Кескіндемелік те, әдеби де бейнелердің икемділігі суреттеліп отырған кейіпкерлер мен оларды қоршаған ортаны біз дәл өмірдегідей нақтылықпен көре аламыз. Біздің алдымызда адамның нәзік сезімдерін танытатын да, адамзаттың тұтастай өмірлік дәуірін де баяндайтын көркем бейнелер көрініс табады. Дегенмен де, көркем әлем қаншалықты өмірге ұқсас болғанымен, кейіпкер, оқиға, бөлшектердің белгілі бір ортақтыққа және сол бір ойдан шығарылған әлем жасалатын бір ғана көркем ойға тәуелділігі оның айтарлықтай ерекшелігін танытады. Бұл әлемде адам мінездері әрекет етеді және де олардың өзара әрекетінен белгілі бір жағдайлар қалыптасады, онда қоғам өмір сүріп, тарих толықыны жылжиды. Алайда, заттар да, табиғат құбылыстары да, мінез-құлықтар мен жағдайлар, тарихи үдерістің өзі жалпылама тұжырымдамалық жүктелген бейнелер. Олардың шынайы өмір сияқты болуы, өнердің шынайылықты нақты тіршіліктің өзі іспеттес етіп бейнелеуге бейімділігі. Көркем әлемнің шынайы өмір сияқты болуы салыстырмалы, себебі, бейнеленуші құбылысқа эстетикалық қатынасты анағұрлым толық көрсету үшін және концепциясын айқындау үшін шынайы өнердің өзі құбылыстарды шектен шығара суреттейді. Көркем шынайылық кейде тіршілікке ұқсастықтан алшақтайды, бірақ та нағыз өнерде бұл алшақтықтың шынайылық туралы көзқарастарды сақтап қалатын өзінің өлшемдері бар.

Келесі көтерілген мәселе көркемдік шындық және сенім.

Көркем шындық – өнердегі ақиқаттылықтың айнасы, қалыптасқан, қолданылатын көзқарастар мен жоғарғы эстетикалық идеалдар арқылы сипатталып отырған құбылыстарды терең зерттеу. Көркем шындықты философиялық-эстетикалық түсіну екіншілікті бейнелеу теориясының негізгі қағидаларынан,



объективті шындық пәндері негізделген санадағы бейнелер арқылы қалыптасады.

Көркем шындыққа жетудің ерекше шығармашылық тәсілдері – типтеу мен идеалдау болып табылады. Бірінші жағдайда, қоғамға маңызды құбылыстарды іріктеу мен жалпылау; екінші жағдайда, адам мінездері мен тәртіптерін сипаттауда идеалдылыққа жақындау жүзеге асады. Екі жағдайда да, авторлық ой мен идеялар көркем-бейнелік формада сезімдік құбылыстар арқылы көрініс табады.

Көркем шындық көркем шығарманың негізгі элементі болып табылады. Өнердегі бейнелерде әр уақытта автордың индивидуалды қолы көрініс табады. Оларға оның эстетикалық түсініктері, ойлары мен көзқарастары, эстетикалық баға бере алуы әсер етеді. Сол себепті, көркем бейнелер, өнердегі шындықты бейнелей отыра, объективті шынайылық пен суретшінің жеке тұлғалық индивидуалды ерекшеліктерін де сипаттайды. Осыдан өнердегі бейнелердің қайталанбайтындығы, олардың оригиналдығы көрініс табады.

Шығармашылық шындықтың маңызды сипаттамаларына оның айқындылығы, эмоционалды толыққандылығы жатады. Бұл сипаттамалар суретшіні толғандыратын құбылыстар мен адам тағдырын бейнелегенде көрініс табады. Көркем шындықтың эмоционалды-айқынды күшіне өнердің эстетикалық шындығының көркем болуы, оның өз көрермендерін жоғарғы идеялармен шабыттандыра алуы жатады.

Сонымен қатар, өнердегі көркем шындықтың басты әрі ерекше бөліктеріне мынандай қасиеттер жатады: болмысты айқындау, ортақтылықты жеке бірлік арқылы бейнелеу, объективтілік пен субъективтіліктің бірігуі, қайталанбайтындылығы және т.б. Осыған байланысты, көркем шындық түсінігі көлемді тақырыптардың біріне айналады. Ол көркем шығармашылық қызметтің әр түрлі жақтары мен қасиеттерін өзіне біріктіреді.

Көркем шындықтың пайда болуы өнер туындысын жарыққа шығару үдерісі кезінде ғана пайда болады. Шығармашылық үдерістің жемісті болуы суретшінің талантына, оның көзқарастына, таптық, азаматтық орнына, өмірге деген қызығушылығына тікелей байланысты. Көркем шындыққа жетудің жолы ақиқатқа жету жолы тәріздес өте күрделі, диалектикалық, қарама-қайшылықты болып табылады. Көркем шындықтың туындауы кезінде ойдың, қиялдың, фантазияның маңызы зор болып табылады. Объективті шындыққа сүйене отырып, суретші өзінің қиялына, фантазиясының күшімен көркем шығарманың әлемін дүниеге әкеледі.

Көркем шындыққа жетудің тәсілдері, әдістері және құралдары өте көп. Алайда, оларды біріктіретін, және басты болып табылатын негізі екі формасы бар – өмірлік және шартты. Біріншісіне: әлемді қабылдаудың сезімінің шынайы болуы, суреттердің табиғилығы, өмір формаларының сыртқы түрленуі жатады. Екіншісіне: өмір формаларын қайта жасау уақытында көрініс табатын экспрессивтілік, ассоциативтілік және т.б. жатады.

Көркем шындық үшін шектілік қауіпті болып табылады: туындыда олардың түпнұсқалығына жақындау (натурализм) және олардан алшақтау (формализм). Олардың ұқсастық пен айырмашылықтық бірегейлену арқылы ғана өнерде объективтілік пен субъективтілік мазмұны дұрыс көрініс табады.

Осы тақырып аясында профессор Бәтiш Қазыханованың тұжырымдары өте орынды: «тәрбиенің мақсаты – жақсы да көркем эстетикалық талғамды қалыптастыру, өмір мен өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдайтын білу, адамның еңбектегі қызметінің барлық саласында шығармашылық сезімдерін әсемдік заңдары бойынша дамыту. Осы мақсатты жүзеге асыру шарттарының бірі – өнердің тамаша туындыларын күнбе-күн көріп, біліп жүру. Қоғамда әсемдікті жасап, таратудың құралдары мен түрлері неше алуан болғанымен, халықтың идеялық, мәдени-эстетикалық жағынан дамуының аса қуатты факторы өнер болып келді, болып отыр және бола береді де».